

AGRO/bilim.kz

НASEC

НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



М. ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
КҮРІШ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ-
ТӘДҚИМАТИЙ ЦЕНТРИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ
ЦЕНТР АСПРОСТРАНЕНИЯ ЗНАНИЙ

«Ауыспалы егіс – егіншік саласының басты жүйесі»

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ
Басқарма төрағасы

Лектор - Агротехнология, мелниорация және топырақтану
білімінің жетекші ғылыми қызметкері

С.Т.Тәуіпбаев

К. Шермагамбетов



КҮРІШ АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІГІ ДАҚЫЛДАРЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУ УАҚЫТ ТАЛАБЫ: СУДЫ АЗ МӨЛШЕРДЕ ТҰТЫНАТЫН ДАҚЫЛДАРҒА КӨШУ АРҚЫЛЫ СУ РЕСУРСТАРЫН ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ.

Жоңышқа
(Түркістан 15)

Соя
(Даная,
Ласточка
сорттары)

Қант
құмайы
(Казакста
нкое-16)

Жаздық
бидай,
бақша
дақылдары

Жүгері
(Пионер)



Қызылорда облысы жағдайында күріш ауыспалы егістері түгел дерлік инженерлік дайындалған жүйелерде орналасқан және оларды көлемі 159245,3 гектарды құрайды. Оған 277 күріш ауыспалы егісі орналасқан. Түрлі себептермен 31433 гектары пайдаланылмай келеді. Ауыспалы егісте орта есеппен күріштің үлесі 63,4 %-ды құрады. Кейбір аудандарда бұл көрсеткіш 75 %-дан асып жығылады. Яғни бұл облыста қалыптасқан 8 танапты ауыспалы егістің орташа 5 танабына күріш егіле, соңғы айтылған аудандарда 6 танабына күріш егіледі дегенді көрсетеді. Ауыспалы егістерді сақтау арқылы қойлатын негізгі талаптар: топырақтың құнарлығын арттыру; суармалы дақылдардан тұрақты жоғары өнім алу; егістің құрылымын көпсалалы (әртараптандыру) ұстанымы бойынша сақтау, жердің мелиоративтік күйін сауықтыру; ең бастысы аймағымызда тапшылығы жылдан-жылға арта түсіп келе жатқан су қорларын үнемді пайдалану; мал шаруашылығын сапалы жем-шөппен қамтамасыз ету және өңірдің табиғи-шаруашылық кешенінің экологиялық жағдайын арттыру мәселелері толық шешімін табады. Нәтижесінде егіншілік жүйесінің экономикалық тиімділігі артады.

Облыс аймағы топырақ-климаты жағдайына қарай үшке бөлінеді: оңтүстік өлке – Жанақорған, Шиелі ауданы; орталық өлке – Қызылорда қаласы, Сырдария, Жалағаш аудандары және солтүстік өлке – Қармақшы, Қазалы, Арал аудандары.

Институттың ұзақ жылғы жүргізілген ауыспалы егісті негіздеу ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жоғарыдағы үш аймаққа олардың топырақ, климаттық ерекшеліктерін ескере отырып төмендегі үлгілерді ұсынады.

Оңтүстік аудандардың климаты жұмсақ, қысы біршама жылы, ал топырағы жеңіл (құмшауыттау) болып келеді. Бұл аудандарда жоңышқа, түйе жоңышқа дақылдары жақсы өсіп, мол өнім береді. Оған қосымша күздік бидай, күздік арпа дақылдарының да өнімі жоғары болып келеді. Ал күздік үстіне себілген көп жылдық шөптер тұқымы жақсы көктеп, бірінші жылы-ақ екі орым алуға мүмкіндік болады. Келер жылдары (екінші, үшінші) көп жылдық шөптер өсімдігі сиремей үш-төрт орымға дейін береді. Дегенмен белгілі бір себептермен (күріштің кеш орылуы, күн райының ерте суып кетуі, т.б.) күздік дәнді дақылдарды егіп үлгірмей қалған жағдайда, орнына жаздық дәнді дақылдар (бидай, арпа, сұлы) егіге болады. Тағы бір айта кететін жай, аталған өсімдіктердің біркелкі тез көктеп шығуына бұл өлкенің топырақтарының жеңіл болуы да оң әсерін тигізеді.

Өндіріске ұсынылатын ғылыми негізделген күріш ауыспалы егіс үлгілері

8-танапты күріш ауыспалы егіс үлгілері:

I-үлгі

1. Дәнді дақылдар (мақсары) + жоңышқа;
2. Екінші жылғы жоңышқа
3. Үшінші жылғы жоңышқа
4. Күріш
5. Күріш
6. Арпа (күздік бидай) + түйе жоңышқа;
7. Екінші жылғы түйе жоңышқа
8. Күріш

Күріштің үлесі – 37,5%.

III-үлгі

1. Дәнді дақылдар (мақсары) + жоңышқа;
2. Екінші жылғы жоңышқа
3. Үшінші жылғы жоңышқа
4. Күріш
5. Күріш
6. Әрараптандыру дақылдары
7. Күріш
8. Күріш

Күріштің үлесі – 50,0%.

II-үлгі

1. Дәнді дақылдар (мақсары) + жоңышқа
2. Екінші жылғы жоңышқа
3. Үшінші жылғы жоңышқа
4. Күріш
5. Әрараптандыру дақылдары
6. Күріш
7. Әрараптандыру дақылдары
8. Күріш

Күріштің үлесі – 37,5%.

IV-үлгі

1. Арпа (күздік бидай) + түйе жоңышқа
2. Екінші жылғы түйе жоңышқа
3. Күріш
4. Күріш
5. Арпа (күздік бидай) + түйе жоңышқа
6. Екінші жылғы түйе жоңышқа
7. Күріш
8. Күріш

Күріштің үлесі – 50,0%.

Өндірістен (Егізбаев К.) ұсынылған күріш ауыспалы егіс үлгілері

I-үлгі

1. Дәнді дақылдар+жоңышқа
2. Екінші жылғы жоңышқа
3. Үшінші жылғы жоңышқа
4. Күріш
5. Күздік бидай
6. Күріш
7. Күздік бидай
8. Күріш

Күріштің үлесі – 37,5%.

II-үлгі

1. Дәнді дақылдар + жоңышқа
2. Екінші жылғы жоңышқа
3. Үшінші жылғы жоңышқа
4. Күріш
5. Дәнді дақылдар + жоңышқа
6. Екінші жылғы жоңышқа
7. Үшінші жылғы жоңышқа
8. Күріш

Күріштің үлесі – 25,0%.

7-танапты күріш ауыспалы егіс үлгілері

I-үлгі

1. Дәнді дақылдар (мақсары) + жоңышқа;
2. Екінші жылғы жоңышқа
3. Үшінші жылғы жоңышқа
4. Күріш
5. Күріш
6. Әртараптандыру дақылдары
7. Күріш

Күріштің үлесі – 42,9%.

II-үлгі

1. Арпа (күздік бидай)+ түйе жоңышқа
2. Екінші жылғы түйе жоңышқа
3. Күріш
4. Күріш
5. Арпа (күздік бидай)+түйе жоңышқа
6. Екінші жылғы түйе жоңышқа
7. Күріш

Күріштің үлесі – 42,9%.

6-танапты күріш ауыспалы егіс үлгілері

I-үлгі

1. Дәнді дақылдар (мақсары) + жоңышқа;
2. Екінші жылғы жоңышқа
3. Үшінші жылғы жоңышқа
4. Күріш
5. Әрараптандыру дақылдары
6. Күріш

Күріштің үлесі – 33,3%.

II-үлгі

1. Арпа (күздік бидай)+ түйе жоңышқа
2. Екінші жылғы түйе жоңышқа
3. Күріш
4. Күріш
5. Әрараптандыру дақылдары
6. Күріш

Күріштің үлесі – 50,0%.

Әртараптандыру дақылдары



бидай



арпа



қияқ



құмай



мақсары



түйежоңышқа



зығыр



жүгері



жоңышқа



сұлы

Ұсынылып отырған ауыспалы егіс үлгілеріне 2-3 жылдан кейін толық көшуге болады және оларды игергенде облыс бойынша күріш егісінің көлемі 70-75 мың гектар шамасында тұрақтайды. Бұл ауыспалы егіс үлгілері әлемдік ғылыми-зерттеу орталықтарының ұзақ жылғы зерттеулерінің мәліметтерін талдау нәтижесінде, сонымен қатар ауыспалы егіске қойылатын талаптарға сай және «Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің 1981-2005 жылдар аралығында жүргізген стационарлық зерттеулер нәтижесінде және аймақта қалыптасқан су тапшылығы мен бүгінгі таңдағы рынок талабы ескеріліп жасалған.

Минималды топырақ өңдеу технологиясын күріш жүйесінде қолдану

Қазіргі кезде әлемдік практикада күріштің топырағын минималды өңдеудің түрлі модификациялары әзірленген. Солардың бірі – күріштік жердің топырағын өңдеуді барынша азайту үшін күріш тамырының топыраққа терең бойламай өсетініне байланысты, топырақты бір рет өңдеу болып табылады. Бұл технология бойынша күріштік жерлердің топырағын аздап өңдеу арқылы өсіруде топырақты түренсіз, қайырмасыз соқалармен (плугтармен) және чизель-культиваторлармен бірнеше рет терең өңдеудің орнына күріштік танабында машиналарды мейлінше аз жүргізіп белсенді жұмысшы органдары бар фреза немесе ауыр дискілі құралдармен өңдеуге алмастыру көзделеді. Дегенмен белсенді жұмысшы органдары бар техникаларды пайдалану өндірістік шығындарды біршама арттыратыны өткен жылдарғы зерттеулерде анықталған болатын. Арам шөптермен күресу мәселесі оларды себер алдында арандатып суарып, артынан механикалық жолмен жою, болмаса жүйелі немесе түйіскіш гербицидтерді қолданып жою арқылы шешіледі. Алайда осы минималды технологияға көшу үшін міндетті түрде топырақты тегістеп, арам шөптерді жою, қолайлы алғы дақылдар егу секілді ауқымды дайындық жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл технологияға көшу нәтижесі тек 3-4 жылдан кейін барып айқын көрінеді. Сондықтан бұл минималды технологияны барлық жағдайда қолдана беретін кемшіліксіз, топырақты жыртуда қолданатын дәстүрлі технологияны толық алмастыратын технология деп қарамау керек.

Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ-ы ұсынып отырған топырақты минималды өңдеу технологиясы жоғарыда айтылған технологиядан мүлдем өзгеше және бұрын Қазақстанның Солтүстік аймақтарында жел эрозиясына ғана қарсы пайдаланылған, ал күріш жүйесінде мүлдем қолданылмаған КРН-4,0 культиваторын қолдану арқылы, арам шөппен күрес, топырақ бетінің тегістігін ұзақ жылдар бойы сақтау, су-, ресурсүнемдеу арқылы өндірілген өнімнің өзіндік құнын төмендету сияқты келелі мәселелердің оң шешімін табуға мүмкіндік жасайды. Оған қосымша гектар шығымдылығы артады.

Күріштік топырағын минималды өңдеу көбіне ылғал үнемдегіштен гөрі ресурс үнемдегіш технологияға жатады, өйткені облыс жағдайында күрішті себер алдындағы топырақ ылғалдылығы күріш көгін алуда шешуші роль атқармайды. Дегенмен тегістігі бұзылмаған жерде суды қалың ұстаудың қажеттілігі болмайтындықтан күріш дақылына қажетті су деңгейін 10-12 см-де, кейде одан да төмен ұстау арқылы да суарылатын суды 15-18%-ға үнемдеуге болады. Ал күріш ауыспалы егісі дақылдарын өсіруде аталмыш технология топырақты қайта-қайта өңдеуді қажет етпейтіндіктен және аз уақыттың ішінде жылдам атқарылатындықтан ылғал үнемдеуге бірден-бір септігін тигізетіні анық.



Күріш атызының бетін лазерлік тегістеу

Сонымен қатар бірнеше жылдар бойы атыз бетінің тегістігін бұзбау үшін және атыздағы су қалыңдығы мен технологиялық суды қашыртқылауды реттеу жағдайын жақсарту үшін міндетті түрде топырақты өңдеу соқамен емес (соқамен жыртқанда атыздарда жалдар немесе арықшалар пайда болады, ол қосымша тағы да тегістеуді қажет етеді) КПН-4,0 культиваторымен атқарылуы тиіс және коллекторлық-қашыртқы желісін өсімдіктер мен қайырдан тазалау қажет.

*Назар аударып
тыңдағандарыңызға рахмет!*